



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Парижде Роза Бағланованың 100 жылдығына арналған мерекелік концерт өтті



Атақты әнші Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы аясында Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде Қазақстан өнер шеберлерінің концерті өтті. Сахнада Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Майра Мұхамедқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ренат Гайсин, Жұбаныш Жексенұлы, Медет Шотабаев және тағы басқалар өнер көрсетті, деп хабарлайды Egeмен.kz Мәдениет және спорт министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Іс-шараны ашқан Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев әншінің 100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне енгізу Роза Бағланованың сіңірген еңбегі мен талантын жоғары мойындау екенін атап өтті.

«Роза Тәжібайқызының шығармашылығы мен өмір жолын Қазақстаннан тыс жерлерде біледі. Ол біздің мәдениетіміз бен өнерімізді насихаттай отырып, көптеген елдерге гастрольдік сапарлармен шыққан. Оның бұл-бұл дауысы 50-ден астам елдің көрерменін таңдандырды. 1957 жылы ол Венгрия, Германия, Қытай, Польша, Чехословакия, Ауғанстан, Үндістан, Австрия, Бельгия, Бирма, Швеция, Канадада концерттер берді. Оның репертуарында қазақ халық әндері, заманауи композиторлардың шығармалары, әлем халықтарының әндері үйлесімді көрініс тапты. Мұның бәрі Роза Бағланованың жай әнші емес екенін, оның есімі тарихта алтын әріптермен жазылған бүкіл дәуірдің алтын дауысы екенін көрсетеді», деді Дәурен Абаев.

Айта кету керек, өткен жылы ЮНЕСКО-ның 2022-2023 жылдарға арналған халықаралық мерейтойлар тізімі қабылданды және ол тізімге Қазақстанның ұсынысы бойынша Роза Бағланованың 100 жылдығы қосылды.

Сонымен қатар, Парижде Дәурен Абаев ЮНЕСКО-ның Бас директоры Одри Азулемен кездесті. Тараптар мәде-

ни-гуманитарлық өзара іс-қимыл мәселелерінің кең ауқымын және одан әрі ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Кездесу барысында Дәурен Абаев Одри Азулеге Қазақстанның материалдық емес мәдени мұрасын насихаттауға және жаңғыртуға, сондай-ақ еліміздің мәдени іс-шаралары мен айтулы күндерін ЮНЕСКО күнтізбесіне енгізуге қосқан үлесі үшін алғыс білдірді.

Сондай-ақ, ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде әлемге әйгілі ақын және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов басқаратын Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының тәсаукесері өтті.

Тәсаукесер барысында Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығының ақпараттық материалдарымен, оның ішінде «Білгамеш» әлеуметтік және мәдени зерттеулер альманахының арнайы нөмірінің таныстырылымы мен көрме ұйымдастырылды. Көрме секцияларында орталық қызметінің негізгі бағыттары мен нәтижелері туралы ақпарат, сондай-ақ адамзаттың басқа мәдениеттерімен өзара байланыс контекстінде түркі мәдениетіне арналған материалдар ұсынылды.

Сонымен қатар, Францияға жұмыс сапары аясында ҚР МСМ Мәдениет комитетінің төрағасы Роза Қаріпжанова мен ҚР Ұлттық музей директорының м.а. Айбек Сыдықов Лувр музейінің басшылығымен кездесті. Тараптар Парижде алдағы көрмені ұйымдастыру, бірлескен зерттеулер жүргізу және екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Француз тарапы Қазақстандағы ислам тарихына және соңғы уақытта жүргізіліп жатқан археологиялық қазбаларға байланысты экспонаттарға қызығушылық танытты. Кездесу соңында тараптар бірнеше жобаны одан әрі бірлесіп іске асыру туралы уағдаласты.

«Егемен Қазақстан» газетінен.



Президент жаңа кәсіпорындардың өнім түрлерімен танысты



Президент Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында тұрмыстық техника шығаратын «Silk Road Electronics» және көлік дөңгелегін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыттарының және өнім түрлерімен танысты, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

«KamaTyresKZ» дөңгелек зауытын биыл жыл соңына дейін іске қосу жоспарланған. Кәсіпорын бастапқы кезде жеңіл және жеңіл жүк көліктеріне арналған дөңгелектер шығарады. Кейін жобаның екінші кезеңінде транспортер, конвейер лентасы сияқты резинатехникалық бұйымдар, ал үшінші кезеңінде ауыл шаруашы-

лығы техникасы дөңгелектерін өндіре бастайды. Зауыттың жобалық қуаты жылына 3,5 миллион дөңгелек шығаруға есептелген.

Қазіргі кезде зауыт серіктестерімен бірлесіп, өзіне қажетті мамандарды даярлауға кіріскен. Саран гуманитарлық-техникалық колледжінде 68 адам «Резина техникалық бұйымдар» және «Шина өндірісі» мамандығын игеруді бастады.

Ал құрылысы екі жылдан кейін аяқталуға тиіс «Silk Road Electronics» зауыты жыл сайын теледидар, электр сужылытқыш, шаңсорғыш, асүй плитасы мен желдеткіш секілді тұрмыстық техникаларды шығарады.

Зауыттың болашақ өнімдері қойылған шағын көрмені аралап шыққаннан кейін Мемлекет басшысы зауыт басшылығымен әңгімелесті.

«Ардагерлер ұйымы» Қазақстан Президенттігіне кандидат ұсынды

Астанада «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің кезектен тыс X съезі өтті. Съезд жұмысына еліміздің барлық өңірінен 101 делегат қатысты, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов өз сөзінде еліміз үшін маңызды саяси науқанға дайындық басталғанын атап өтті.

«Съездің күн тәртібінде Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат ұсыну

мәселесі тұр. Бізге қазіргі уақытта әлемдік саясаттың шарттарын жақсы түсінетін, қажет болған жағдайда батыл шешім қабылдай алатын саяси тұлға қажет. Қасым-Жомарт Тоқаев - мықты саясаткер. Оның жоғары біліктілігі, халықаралық қауымдастық мойындаған тәжірибесі мен білімі елді жаңа биіктерге жетелейтініне сенімдімін», деді Бақтықожа Ізмұхамбетов.

Съезд делегаттары тиісті қаулы қабылдап, Қасым-Жомарт Тоқаевтың кандидатурасына дауыс берді.

Ұстаздар күні спорттық шарамен ұлықталды

Қазан айының алғашқы жексенбісі-Ұстаздар мерекесіне байланысты Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен және аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымының демеушілігімен мұғалімдер арасында футбол турнирі болып өтті. Аудандық балалар мен жасөспірімдер футбол мектебінің спорт кешеніндегі жарыстың ашылу салтанатына аудан



әкімі, спорт жанашыры Мұхит Тұрысбеков пен аудандық мәслихат хатшысы Бегімбет Байғараев арнайы қатысып өз құттықтауларын жеткізді. Турнирге жиналған 16 команда 4 топқа бөлініп аламанды бастап кетті. Бұл турнирдің тағы бір ерекшелігі екі мектептен бір команда құралды және алаңда міндетті түрде бір мектеп директоры болуы тиіс болатын. Ең бір қызықты кездесу Адами әлеуетті дамыту бөлімі — Уәлиханов жом. және Сәтбаев м/г — Әуезов жшм командалары арасында орын алды. Алма кезек голдармен өрбілген ойынның негізгі уақыты 5:5 есебімен тең аяқталып жеңімпаз пенальти сериясында анықталды. Пенальтиден Сәтбаев м/г-Әуезов жшм командасының асығы алшысынан тұрып жартылай финалға жолдама алды. Қалған кездесулерде Байтұрсынов жом-Әлімқұлов м/л, Созақ м/г-Сүгір Әліұлы жом, Алтынсарин мектебі командасы-Кемелұлы мектебі командасы қарсыластарын мойындатып келесі сатыға табан тіреп тұрған-тын. Сонымен жартылай финалда Сәтбаев-Әуезов командасы Байтұрсынов-Әлімқұлов командасына 0:4 есебімен есе жіберіп ақтық ойынға бір қадам қалғанда тоқтады. Ал екінші ойында Созақ-Сүгір Әліұлы командасы Алтынсарин-Кемелұлы командасын 2:1 есебімен ұтып финалға шықты. Үшінші орын үшін болған кездесуде мектеп директоры Күзенбаев Айбар бастаған Сәтбаев-Әуезов командасы мектеп директорлары Маликайдаров Серғали мен Омарбеков Ілияс ойнаған Алтынсарин-Кемелұлы командасы соққан 4 голға тек 1 ғана доппен жауап беріп қола медальдан құр қалды. Ал турнир жеңімпазы анықталатын соңғы ойында мектеп директоры Талғат Шәймерденов бастап шыққан Байтұрсынов-Әлімқұлов командасы Созақ-Сүгір Әліұлы ұстаздар командасын аса тартысты өткен матчта 2:0 есебімен тізе бүктіріп турнир жеңімпаздары атанды. Турнирдің "Ардагер ойыншысы" жүлдесі Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебінің директоры Талғат Шәймерденов ағайға табысталды. Алпыстың екеуіне келсе де алаңда небір финттерді жасап жүрген Тәкеңнің ойынына жұртшылық риза болды. Сонымен бірге турнирдің үздік қоғаушысына, қақпашысына және ойыншысына Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің құрмет грамоталары мен сияпаттар табысталды. Осы турнирдің тәртіппен өтуіне жауапты болған алаңдағы төрешілер, футбол мектебінің бапкерлеріне де құрмет көрсетілді. Турнирдің қола жүлдегерлері Алтынсарин-Кемелұлы командасына естелік кубок, медальдер және 50 000 теңге ақшалай сыйлық берілсе, күміс жүлдеге ие болған Созақ-Әліұлы командасына да кубок пен медаль және 70 000 теңгенің сертификаты берілді. Ал турнир жеңімпаздары Байтұрсынов-Әлімқұлов командасына чемпиондар кубогі мен 100 000 теңгелік сертификатты Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Нұрәлі Айдаров табыс етті. Сөйтіп бұл шара ұстаздар қауымына мереке қарсаңында керемет көңіл күй сыйлады деп айтсам жаңылмас едім.

Сержан БЕГМАНҰЛЫ.

Қыркүйектің 30 күні Шолаққорған ауыл әкімдігінің ғимаратының алдындағы алаңдайда аудан әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының кестеге сай тұрғындармен кездесіп, есеп беру жиыны өтті. Қыркүйек шығып, қазан айы кіретін өліара шақтағы күннің салқындығына қарамастан кездесуге келген ауыл тұрғындары қарасы көп еді. Тиісті бөлім және мекеме басшылары да әдеттегідей емес, аудан әкімінің есебіне сәл ертерек жиналды. Ал енді, бұл кездесудің басты кейіпкері Мұхит Сексенбайұлы кестеге сай өзінің есеп беру жиынына дер уақытында келді. Келген бетте ауыл тұрғындарымен амандасып, хал- жағдай сұрасып алды дағы, бірден баяндамаға көшті. Баяндама деген аты болмаса, аудан басшысы қа-



не істейтінімізге қарар береміз.

Тұрғын үй мәселесі де ауданымызда өзекті мәселе боп тұр. Бүгінгі таңда 1400 ге жуық жерлесіміз үй кезегінде тұр. Дегенмен, тұрғын үй салуға не Республикадан, не облыстан қаралып отырған қаржы жоқ екенін өздеріңіз де көріп- біліп отырсыздар. Иә, елімізде «Отбасы банк» секілді түрлі бағыттағы бағдарламалар бар, бірақ олардың өздері толыққанды жұмыс істей алмай отыр.

Білім саласында да түйткілді мәселелер көп. Ең бастысы, білім бөлімдерінің ауданнан бөлініп, облыстық басқармаға қарап кеткені болып отыр. Міне, осы жағдай біздің аяқ-қолымызды матап байлап, ешбір тірлікке қолымыз бар-

Ерекше өткен есеп

ғазға қарап, жаттанды цифрларды қуып шығуды жөн көрмеді ма, әйтеуір, өткен үш тоқсан бойынша атқарылған жұмыстары мен алдағы жоспарлары жайында жалпылама сөйлеп жүре берді. Әңгімесінің әлқиссасын да күні кеше ғана күллі қазақ даласын дүрілдетіп өткен «Ұлы Дала Жорығы» жобасы барысында өрбітіп, Түркістан облысының атынан марафонға қатысқан ауданымыздың «Теріскей» командасының жеңісі жайлы бастады. Әуелі, барша созақтықтарды марафоннан Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет 1200 км қашықтыққа шауып, алдына тек Маңғыстау мен Жетісу командаларын ғана салып, жүлделі ІІІ орынды (9 миллион теңгенің сертификатын) иеленген «Теріскей» командасының жеңісімен құттықтады. Сонымен қатар, Ұлы Дала Жорығы марафонының артықшылықтарына, біздің ауданымыздың халқына, атбегілері мен шабандоздарына берген әсерлеріне тоқтап өтті. Тағы да алдағы уақытта ауданымыздан осы ат спорты үйірмесін ашуды жоспарлап отырғанын да тілге тиек етті. Ол үшін Түркістан облысы бойынша Ұлттық ат спорты мектебінің басшылығымен келіссөз жүргізіп жатқанынан да хабардар етті.

Мұнан әрі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркістанға сапарына тоқталып, ауданымыздан арнайы делегация шығып, Президентпен кездесуге барып қайтқандықтарын айтты. Сол кездесуде мынадай мәселелердің қозғалғанын да сөз етті:

1. Түркістан қаласын рухани Астана деп жариялау.
2. Президенттің қыркүйектің 1 күні Қазақстан Халқына жолдаған Жолдауы жайлы.
3. Жоғарыда айтылған Ұлы Дала марафонының дәстүрлі түрде жылда өтуі.
4. Алдағы саяси науқан, Президент сайлауы жайы да сөз етіліпті.

Әрі қарай, Мұхит Сексенбайұлы ауданымыздың ішкі мәселелеріне ойысты:

Алдағы жылға аудандық бюджеттен «Ақшам» мөлтек ауданын таза ауыз сумен қамтуға 1,5 млрд қаржы қаралып отыр.

Бұйыртып, келесі жылы ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылынан екі мектеп, бірі 1200 орындық Ы. Алтынсарин атындағы жаңа типтегі жалпы орта мектебі және «Наурыз» мөлтек ауылынан 300 орындық

шағын мектеп салу. Мұнан бөлек, Тәкен Әлімқұлов атындағы лицей-интернаты күрделі жөндеуден өтеді.

Ақшал Мұқанов атындағы көшенің бойындағы екі қабатты үйді күрделі жөндеуден өткізіп, жасөспірімдер мен балаларға арналған «воркаут зона» деп аталатын орталық ашу. Бұл жоба «Катко» кәсіпорнының демеушілігімен жүзеге асады.

Сондай-ақ, С.Қожанов атындағы музейдің ескі ғимаратын да күрделі жөндеуден өткізіп, «Оқушылар үйін» жасауды жоспарлап отырмыз. Бұл жоба «Катко» Қазақ-Француз бірлескен кәсіпорнының демеушілігімен жүзеге асады. Бұл жөнінде келіссөздер жүріп жатыр.

Ал енді, көшелердің жарығын біртін- біртін жасайтын боламыз. Бәрін бірден жасап береміз деп уәде бере алмаймын.

Тағы да, «Біресек» тоғанының

май отыр. Алайда, облыс басшысы осы білім бөлімдерін ауданға қайтару жөнінде өзі тікелей жұмыс жасауда. Нәтижесін күтіп отырмыз.

Қайткенменде, білім бөлімдері облыстық білім басқармасына қарайды деп қарап отырмай, демеушілердің есебінен жұмыс жасаудамыз. Нақты айтар болсам, Жартытөбе ауыл әкімдігіне қарасты үш мектептің ішінен әжетхана соғуды қолға алып отырмыз.

Аудан әкімі өткен үш тоқсанда атқарылған жұмыстар мен алда атқарылатын істерге тоқталып болған соң, әдетте жарыс сөзге шығып, ауыл тұрғындары арасынан сауал беріп, өтініштері мен талап-тілектерін жеткізушілер болушы еді. Бұл жолы олай болмады. Шолаққорған ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Арынбеков Бүркіт қария сөз алып, аудан әкімі



мәселесін барған жерлерімде ел ағалары қаттырақ айтуда. Дегенмен, мына нәрсені білген дұрыс. Уақытында бұл тоғанға салынған қаржы бар, бірақ өзін-өзі ақтамай отыр. Қазір тағы да қосымша қаржы қаратып, табанына мембрана (пленка) төсегенімізбен, алдында тұрған бөгетті су шайып кетпесіне ешкім кепілдік бере алмай отыр. Алайда, қол қусырып қарап та отырғанымыз жоқ, барынша зерттеп- зерделеп, бұл мәселенің шешілуіне оң жұмыс жасайтын боламыз.

«Қазфосфат» жөнінде де жұмыс жасап жатырмыз. Нақтырақ айтсам, Қаныш Сәтбаев атындағы ғылыми-зерттеу орталығынан ғалымдарды шақырып жатырмыз. Сол, арнайы мамандар бәрін зерттеп- зерделеп, қорытындысын шығарып берген соң, әрі қарай

Мұхит Сексенбайұлын сол, қыркүйектің 30 күні толып отырған мерейлі 55 жасымен ауыл тұрғындары мен ардагерлер атынан құттықтады. Аудан басшысына атқарып жатқан, алда атқаратын істеріне аудан халқының атынан табыс, бере-бірлік тіледі. Жоғарыда айтқанындай, бұл есеп беру жиынын өзгелерінен ерекше еткені де сол, аудан басшысының қолмен қойғандай етіп, атқарып жатқан, алда атқарылатын жұмыстарын тәтіпштеп айтып бергенінен соң, тұрғындардың тарапынан туындаған сауал да болмады. Тек, жиынның соңы жерлестеріміздің аудан әкімінің жеке қабылдауына кіріп, көкейлеріндегі мәселелерін шешіп алуымен аяқталды.

Данияр БЕК.

Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңесің кезекті мәжілісі 2022 жылдың 19 қазан күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді

1. Созақ аудандық полиция бөлімінің «Заңдылықты қамтамасыз ету және адам мен азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын сақтау» мәселелері бойынша 2022 жылдың 9-айында атқарған жұмыстары туралы ақпаратты тыңдау.

2. Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің 2022 жылдың 9 айында атқарған жұмыстары туралы есебі.

3. Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің 2022 жылдың 9 айында атқарған жұмыстары туралы есебі.

4. Созақ аудандық орталық аурухананың 2022 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

5. Шолаққорған ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

6. Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 2022 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі.

7. Басқада мәселелер.
Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 19- қазан күні сағат 9:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

Созақ аудандық
Қоғамдық кеңес төрағасы

М.Сапаров.



Қоғамдық кеңесте жер төлемақысы сөз болды

Қыркүйектің 27 күні аудандық мәслихаттың мәжіліс залында қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Басқосуда Созақ ауданының жерлерін аймақтарға бөлу жобасын, елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары мен жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы нормативтік құқықтық актінің жобасы талқыланды.

Жоба бойынша аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы Бауыржан Әбенұлы хабарлама жасап, түсіндіріп өтті. Бөлім басшысының айтуынша, Қазақстан Республикасының жер кодексінің 8-бабы 2-тармағына және 11-бабы 1-тармағына сәйкес Созақ ауданына қарасты ауылдық округтар мен кенттердің 2003 жылы жасалған төлемақының базалық ставкаларының коэффициенттеріне түзетулер енгізілуде. Яғни, инфрақұрылымы мен кәсіпкерлік нүктесіне қарай жердің бағасы осы базалық ставканың коэффициенті арқылы есептеледі.

Тыңдау барысында қоғамдық кеңестің мүшелері нормативтік құқықтық актінің жобасына байланысты сұрақтар қойып, бөлім басшысы Бауыржан Әбенұлы дайындықсыз келгенін байқатып, толыққанды жауап бер алмады. Нәтижесінде, қоғамдық кеңестің мүшелерінен ескерту алды. Қоғамдық кеңестің төрағасы Сапаров Мұрат Жексенбайұлының белгілі себептермен жиынға қатыса алмауы себепті қоғамдық кеңеске уақытша төрағалық еткен Әліпбек Сөлтеков қоғамдық кеңестің хатшысы Қиясбаев Мұхтарға мұнан былай қоғамдық кеңестің тыңдауына келетін ауыл әкімдері мен бөлім басшылары жіті дайындықпен келсін. Бүгінгідей біздің де өзінің де уақытын алмасын деді. Бұдан бөлек, кеңестің мүшесі Жұмақов Талғат та Мұхтар Қиясбаевқа алдағы уақытта қоғамдық кеңестің өтетіні және талқыланатын мәселе жайында аудандық газетке 10 жұмыс күнінен кешіктіріп бермеулерін де ескертіп өтті. Себебі біз, қоғамдық кеңес мүшелері талқыланатын мәселеден алдын-ала хабардар болып, ақпаратқа қанығып ке-

луіміз керек дегенді де екшеп қойды. Сонымен, қоғамдық кеңес мүшелерінің талқыланып жатқан тақырыпты аша түсуі әрі толыққанды мағлұмат алулары және объективті шешім қабылдаулары үшін аудандық жер кадастр маманы Марат Асановты шақыртып алуларына тура келді. Өйткені, Бауыржан Әбенұлының айтуынша бұл жобаны әзірлеу осы кадастр бөлімінің құзырында болған көрінеді. Сөйтіп, кеңес мүшелерінің көкейіндегі сауалдарға марат Асанов жауап берді. Көңілдеріне күдік ұялатқан әрбір мәселе жайында егжей-тегжейлі сұрап, қанағаттанарлық жауап ала білген кеңес мүшелері жиынның соңында жобаны мақұлдап дауыс берді. Не керек, аудандық қоғамдық кеңестің бұл күнгі бас қосуы әдет-тегілерінен жоғары деңгейде өтті. Үнемі кеңестің отырыстарына жергілікті БАҚ атынан қатысып, кеңестің кезекті отырыстарына куә болып жүрген маған мұны байқау аса қиынға түспеді. Қайткенмен де, қоғамдық кеңеске бұған дейін резервте тұрып, жаңадан қосылған қоғам белсенділері Жұмақов Талғат Бейсенбекұлы мен Сержан Бегманұлының қосылулары жан бітіргендей әсер қалдырды. Білім мен білік, кәсібилік көрініп тұрды бұл екі азаматтың бойынан. Әсіресе, кеңестің әрбір отырысына аса ыждағатты дайындықпен келетін Талғат Бейсенбекұлының қоғамның игілігі үшін болып жатқан ізігі істерге деген жауапкершілігін астын сызып отырып айтқым кеп отыр. Бұл жерде, қоғамдық кеңестің басқа мүшелерінің де хақысын беру керек, тылдан қосылған әріптестері алып келген жылы лепті, жылымықты жылы қабылдағандары үшін. Көрініп тұр, қоғамның өздеріне үлкен жауапкершілікпен қарап отырғанын сезіне бастаған. Мұны, кеңестің әрбір жұмыстарын әлеуметтік желілерде сынап, бағасын беріп отырған қоғам белсенділерінің пікірлерін оқып, ескеріп отырғандықтарынан аңғардым. Өз кезегімде мен де әрі БАҚ өкілі әрі қоғам жанашыры ретінде: «Ағалар мен әпкелер! Қоғамның сіздерден күтетіні де осы. Қоғамдық кеңестің мүшесі деген атқа лайық болуларыңыз, мой-

ындарыңызға өз ықтиярларыңызбен артып алған жұрттарыңыздың жүгін абыроймен арқалап жүрулеріңіз. Ертең, Созақ ауданының халқы: «Әй, қойшы бұларды, үш жыл қоғамдық кеңесте отырғанда не бітірді деп жүрмесін! Сіздер мұнда отырып, қоғамдық талқылаудан өткізетін әрбір құжат жерлестеріңізді ертеңгі тіршілігін я жақсы жағына я жаман жағына өзгертіп жіберуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі талқылауға аса ыждағаттылықпен келгендеріңізге, бөлім басшысының жұмысын сынға алып, ағалық жанашырлықтарыңызбен алдағы күндеріне бағыт-бағдар бергендеріңізге риза болдым. Мұнан кейін қоғамдық кеңестің отырысына келетін шенеуніктер ойланып, жауапкершілікпен келетін болды. Ол дегеніңіз, жоғарыдан айтылып, жүзеге асуы қиын боп жатқан Жаңа Қазақстанды, ашық та жариялы қоғамды сіз бенен біз, төмендегілер құрайтынмызға дәлел. Мемлекет басшысы бағыт-бағдар бергенімен, ауыл-ауылдарды аралап, Жаңа Қазақстанды, Екінші республиканы құрып бермейтіңіз бесенеден белгілі ғой. Тіпті, өкіметті Естуші, Парламентті ықпалды және Берекелі Қоғам құрып бермесі хақ. Демек, мұның бәріне қоғам болып қозғалғанда ғана қол жеткізе аламыз әрине. Бұл ретте, қоғамдық кеңестің атқаратын рөлі аса маңызды. Сол үшін де бұл ұйым «қоғамдық кеңес» деп аталады. Яғни, осы кеңестің құрылуына мұрындық болған Мемлекет басшысы билікке қаратып: «қоғаммен кеңес» деп отыр. Ендеше, кеңесіп пішкен тон келте болмас деп, билік пен бұқара кеңесіп отырып, жаңа белестерге көтерілейік дегім келеді.

Сөз соңында. Кеңес барысында, мейлі ауыл әкімдері болсын, мейлі бөлім және мекеме басшылары бұған дейін, 30 жылдан астам уақыт орын алып келген жайбарақаттылықты қойып, жауапкершілікті арттырулары керектігі де баса айтылды. Әйтпесе, Жаңа Қазақстан қоғамын құрмақ былай тұрсын, Ескі Қазақстанның есігінің алдында әлі 30 жыл тағы жүретінге ұқсаймыз ғой!

Данияр ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.

Қаратау ауылының 60 жылдық мерейтойына арналған «Жыр арнаймын туып-өскен өлкеме» атты жазба ақындар мұшайрасының ЕРЕЖЕСІ

«Жыр арнаймын туып-өскен өлкеме» атты жазба ақындар мұшайрасы 15-қазан күні Қаратау ауылдық мәдениет үйінде өтеді.

Байқау мақсаты:
Ұлтымыздың жазба ақындар өнерін дамыту, ақындарымыздың шығармаларын халыққа насихаттау, жастарымызды өнерге бағыттау, елін-жерін құрметтеуге шақыру және Қаратау ауылының 60 жылдық мерейтойын тиісті дәрежеде атап өту.

Байқау шарттары мен талаптары:

Байқауға қатысушы үміткерлердің жасына шектеу қойылмайды.

Байқау екі кезеңнен тұрады.

1-кезеңде. Қатысушы үміткер өзінің Қаратау ауылының 60 жылдық мерейтойына арнаған шығармасын орындайды.

2-кезеңде. Еркін тақырыпта. (Өз шығармаларын оқуға тиіс).

Байқауға қатысушы үміткерлер екі кезеңде орындайтын шығармаларының музыкасын (фон, егер қажет болса) алдын ала флэш картаға, мини дискіге жазып

алып ұйымдастырушыларға тапсыруға тиіс.

Ақындар өз туындыларын қазан айының 10-шы жұлдызына дейін karatau-akimat@mail.ru электронды поштасына жолдаулары қажет. Қазылар алқасы туындыларды қарап шығып, қорытындысын 15-ші қазан күні жариялайтын болады.

Жеңімпаздарды марапаттау:

Бас жүлде -1 (біреу)

1-орын-1 (біреу)

2-орын-1 (біреу)

3-орын-1 (біреу)

Номинация-2 (екеу)

Қазылар алқасы:

Қазылар алқасы белгіленген жүлделі орындарды анықтау барысында үміткерлердің орындаған шығармалары мазмұнына, орындау шеберлігіне, шығарманың үйлесімділігіне ерекше назар аударады.

Байқауды ұйымдастырушылар:

Қаратау ауылдық округі әкімдігі, ұйымдастыру алқасы.


Байланыс телефондары: 87022460913, 87018190609.

Созақ ауданы тұрғындарының назарына!

2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында дауыс беруге арналған өзінің сайлау учаскесі туралы қажетті ақпарат алу үшін Telegram мессенджерінде арнайы бот іске қосылды (https://t.me/tur_saylaw_bot) және Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайтында жарияланды (<https://tur.saylaw.kz>).

Осы құралдардың көмегімен Сіз 2022 жылғы 20 қарашада өтетін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлау күні дауыс бере алатын сайлау учаскесі туралы толық ақпарат (нөмірі, мекен жайы, байланыстары) ала аласыз.

Қосымша сұрақтар болған жағдайда 109 Call-орталығына хабарласуға болады. 109 Call-орталығы 24/7 режимінде жұмыс істейді.



Қазыналы қарт Қаратау деп не үшін аталған?—деген сауалдан бастасақ орынды болар. Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік-батысынан созылып жатқан тау жотасы, қазіргіше айтқанда Түркістан, (Оңтүстік Қазақстан), Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағын алып жатқан тау. Сырдария және Шу Талас өзен алқаптарының су айрығы. Солтүстік-батыстан оңтүстік- шығысқа қарай 420 км-ге созылған, енді жері 60-80 км (оңтүстік-шығысындағы Боралдай жотасы). Ең биік жері Бессаз тауы (2175м). Жота қатарласа созылған Кіші Қаратау және Үлкен Қаратау жоталарынан тұрады. Бұларды бір-бірінен тауаралық ойыстар бөліп жатыр. Қаратаудың шығысы және Кіші Қаратау протерозойлық тақтатастас және құмтастарынан, оңтүстік-батыс Қаратау карбонды әктас, құмтас, конгломерат және девонның



Күмісбеков Әбибулла, Сағындықов Серік, Асқарбаев Темірхан.

Озат шопандары: Шериязданов Мұхамеджан, Асқарбаев Өзбек, Арыстанбаев Бектан, Арыстанбаев Тоқтасын, Төлегенов Өзбек, Қалдыбаев Отарбек, Құлманов Серік, Айқараев Бектібай, Сармантай.

Қаратау совхозының кеңсесінде жұмыс жасаған мамандар: Есепшілер Бимендиев Әбдіраш, Тұрсынбек, Қалжеков Беркінбай, Салайдинов Мәткәрім, Тоқмырзаев Мәден, Әлімбетов Шекербек, Қойбақов Рысбек, Әлімбетов Базарбай, Құлманов Бауыржан, Құтжанова Күланда, кадр бөлімі-Сұлтанова Рәш, Әбутәліпова Қарашаш, техқызметкерлер-Құлтаева Кеңескүл, Сәдуава Дәмегүл, Дүтбаева Балғын, комедант-Жүсіпов Молдақасым, Шақов Жолдасбай.

Әкімдері: Асқарбаев Сайлау

Бақырлы-бастау, Ақсүмбе-айбын, Сарыжаз-сая!

жанар таутекті жыныстарынан түзілген. Жоталардың тау бастары тегістеу келген жазық, беткейлері шатқалды, тік жартасты. Қаратаудың оңтүстік-батысын Сырдария, солтүстік- шығысын Шу, Талас өзендерінің алыптары алып жатыр. Қаратау төңірегіндегі өңірге климат тұрғысынан өз әсерін тигізеді. Сондықтан, жотаның оңтүстік-батысы мен солтүстік-шығысының ауа райында біраз айырмашылықтар бар. Қаңтар айындағы орташа температура жотаның солтүстік беткейі мен баурайында-10 С, оңтүстік-батысында 6 С. Жазы ыстық әрі құрғақ, шілденің орташа температурасы 22-26 С. Жауын —шашынның жылдық орташа мөлшері тау бектерлерінде 200-400 мм, тауда 400-600 мм. Беткейлерінің топырағы қоңыр, қызғылт қоңыр. Тауаралық аңғарлары мен шатқалдарында бетеге, боз, көде өзен аңғарларында және тоғайларда өседі. Қазақстанның басқа жерінде кездеспейтін, каучук ретінде қолдануға болатын тау сағызы Қаратау қойнауында мол өседі. Таутеке, борсық, түлкі, қасқыр, қоян, тышқан, сарышұнақ, т.б. мекендейді. Қаратау өңірінде жерасты суларының мол қорлары бар. Қаратау қойнауында Қазақстанның ірі полиметалл (Ащысай, Мырғалымсай, Байжансай, т.б), фосфорит (Ақсай, Жаңатас) кендері шоғырланған. Осы таудың етегінде орналасқан, бір шеті Қарақұр ауылымен, екінші шеті Қызылорда облысының Шиелі ауданымен шектесетін Қаратау совхозы- Түркістан облысының Созақ ауданындағы ауыл. Қаратау совхозы құрылар алдын ең алдымен Қазақ ССР Министрлер Советінің 03 мамыр 1961 жылғы «Қазақ ССР Министрлер Советі совхоздар бас басқармасының мәселелері» атты №301-ші Қаулысы шықты. Одан кейін 1961 жылы 29 маусымда №44-ші «Қазақстандағы шөл және шөлейт жерлерді игеру туралы» Қазақ ССР Министрлер Советінің Қаулысы негізінде 1962 жылы 20 қаңтар күні №45-ші Министрлер Кеңесінің қаулысымен Қаратау, Жартытөбе, Сызған, Шу совхоздарын құруды ұйымдастыру қолға алынды. Аудан орталығы- Шолаққорған ауылынан батысқа қарай Қаратау жотасын жағалай 140 км жерде орналасқан. Кейін совхоз Тәуелсіздік орнап, бұрынғы КСРО-ның совхоздары тарап, Қаратау ауылдық округі болып 1994 жылы құрылған. Қаратау ауылындағы халық саны- 2134. Округ үш елді ме-

кеннен тұрады. Қаратау -1358, Ақсүмбе-471, Сарыжаз- 305. Округтің жалпы жер көлемі 605 100 га. Округ бойынша 325 аула бар. Қаратау ауылы бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқан 301 адам жауынгер болған. Оның 155-і хабарсыз кетсе, елге келгені 146 адам болыпты.

Бүгінгі таңда ауылда екі ауған соғысы ардагері, бес тәжік-ауған бітімгершілік іскері сарбаздары, екі Чернобыль апатын залалсыздандырушы азаматтар тұрады. Округ аумағында 2 жалпы орта мектеп, 1 негізгі орта мектеп бар. Оқушылар саны-469, мұғалімдер саны -91. Округ бойынша 60 орындық 1 балабақша, 2 мешіт, 1 аурухана (9 орын), 1 емхана, 2 ФАП, 1 мәдениет үйі, 2 ауылдық клуб, 2 спорт зал, 1 спорт алаңшасы, 3 ауылдық кітапхана, 3 мектеп кітапханасы бар. Екі елді мекенде Актив, Веeline ұялы байланыс, 1 почта байланыс торабы жұмыс жасайды. Сонымен қатар округ бойынша ауылдық ардагерлер кеңесі, әйелдер кеңесі жұмыс жасайды.

Осы тұста Қаратау жұртының тарихына, кешегі сол совхоз болып құрылғанға дейін қандай ел болған? Қандай жұмыс болған? Оны кімдер басқарған? Елге тұтқа болған қандай перзенттері болған?—деген сияқты сауалдарға жауап табу үшін тарихқа сәл шегініс жасасақ. Үлкен кісілер мен қарияларымыз не айтып кетті екен? Соған зер салайық.

Сонау жылдары Күмісті ауылдық советі төрағалары болып Айдарбеков Сейілбек (1939-1942 жылдары), Байкеев Әлімбек (1942-1944 жылдары), Тойғанбаев Қожахмет (1944-1949 жылдары), Қисықов Назарбек (1949-1951 жылдары), Пірімбетов Аймахан (1951-1957 жылдары) қызмет атқарды.

«Күмісті» ауылдық советіне қарасты колхоздар мен олардың төрағалары: Энгельс атындағы колхозды Болатов Батырбек (1928-1931 жылдары), Байкеев Алдаберген (1932-1939 жылдары), Дәрімбаев Сүлеймен (1939-1942 жылдары), Тұяқбаев Төлепберген (1942-1950 жылдары) басқарды.

«Октябрь-4» атындағы колхозды Адырбаев Сағындық (1939-1941 жылдары), Төлепберген Әбдімәлік (1942-1950 жылдары) басқарды. Ворошилов атындағы колхозды Қалмырзаев Әшен (1939 жылдары), Опабеков Шаймен (1941-1950 жылдары) басқарды. Қызылбайрақ колхозын Айдаболова Сәлу (1939-1950

жылдары) басқарды. 1950 жылы майда колхоздар іріленіп Энгельс колхозы болып құрылған. Және оның төрағалары болып Тұяқбаев Төлепберген (1950-1951 жылдары), Рақымбаев Сәдуақас (1951-1954 жылдары), Ерімбетов Тоқабай (1954-1955 жылдары), Тастыбаев Әшірбек (1955-1957 жылдары) басқарған. 1957-1959 жылдары аралығында Энгельс атындағы колхоз Созақ совхозына, 1959-1962 жылдары аралығында Энгельс совхозының құрамында болған. Октябрь колхозының төрағасы Төлепберген Әбдімәлік 1950-1954 жылдары іріленген Энгельс колхозы төрағасының орынбасары болады. Қаратау совхозы 1962 жылы құрылып, алғашқы директорлары болып Абдраманов Балтабай (1962-1966 жылдары), одан кейін Бөргәзиев Көштен (1966-1973 жылдары), Құрманбеков Мейрамбек (1973-1985 жылдары), Тұрысбеков Сексенбай (1985-1992 жылдары), Избалаев Сәтбай (1992-1994 жылдары), Ашықбеков Тасқынбек (1994-1996 жылдары) деген азаматтар шаруашылықты басқарып, толағай табыстарға жетті.

Ауыл совет төрағалары болып: Асылбеков Майғазы (1962-1963 жылдары), Дүтбаев Пернебек (1963-1973 жылдары), Есмағанбетов Жаңабай (1973-1976 жылдары), Шарапов Бақберген (1976-1987 жылдары), Асқарбаев Сайлаубек (1985-1992 жылдары).

Партия ұйымының хатшылары: Түймебаев Қансейіт, Бегімбетов Әбдікәрім, Аймақұраев Аманғали, Сыздықов Әбілқайыр, Жүсіпов Молдақасым.

Бас есепшілері: Зикенов Марат, Мамыров Әбілпатта, Аяпов Насыр, Оралбеков Тұрар, Сүлейменов Лесбек. Бас зоотехниктері: Досжанов Оспан, Жүсіпов Әбіл, Көшерев Нұрлан, Жалмаханов Ақиқат. Бас мал дәрігерлері: Әбдікәрімов Алшынбай, Құрманбеков Мейрамбек, Майғазиев Қорғанбай, Избалаев Сәтбай, Асқаров Амангелді. Бас инженерлері: Машов Әбен, Садырханов Жауғашты. Дәрігерлері: Әбжанов Түзелбек, Жылысбаев Серік, Шалмағанбетов Қыдыраш, Тұрабаев Аманжол, Құлманов Бақыт, Тастыбаева Луиза. Бас экономистері: Иманбаев Аманбай, Аяпов Насыр. Ферма басқарушылары мен мал мамандары: Сағындықов Орынбек, Тұтқышов Отарбек, Тұрсынбеков Ақболат, Шериязданов Орха, Өтегенов Бекарыстан, Асқарбаев Сайлау, Орынбаев Орынбасар, Әшірбеков Ғалымжан,

(1992-2009 жж), Асылханұлы Біржан (2009-2011 жж), Ермахан Оразхан (2011 жылдан бері) ауыл әкімдері қызметін атқарып келеді.

Қолтаңбасы қалған азаматтар

Қолтаңбасы қалған азаматтар дегенде ең алдымен сөз басында Қаратау ауылына оның жалпы халқына оң ықыластарын танытқан аудан басшыларын атап өтсек, кеңес-партия жылдары Ж.Темірәлиев, Ә.Сасбұқбаев, Н.Төлепбеков, Б.Ахметов, Шерімқұлов, Тәуелсіздік жылдары Ә.Омбаев, Қ.Айтаханов, С.Әбдіқұлов, Б.Мейірбеков, А.Аймақұраев, М.Исаев, С.Полатов, бүгінгі аудан басшысы М.Тұрысбековтердің тамшыдай болса ел мен жердің тағдырына алаңдап ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпалы мен зор септіктері тиді.

Ауыл әкімі аппаратында қызмет еткен азаматтар

Ауыл әкімдері: Асқарбайұлы С, Құлмаханов Біржан, Ермахан Оразхан. Қаратау әкімшілігінде жұмыс жасағандар: Төреқұлов Толысбай, Құлтаев Бауыржан, Байділдаев Ораз, Шонабаев Оралбек, Әбділда Ділдабек, Қалдыбекұлы Тұрар, Көшербаева Дәнекүл, Исаков Қалдыбек, Сенбекова Гүлзат, Есжанов Пернебек, Қарабеков Құрманбек, Асқарбаев Өндір, Қарабеков Құралбек, Есжанова Назира, Құлтаева Гүлжанат, Пошанова Роза, Мырзакерімова Саясат, Мұқашов Тұрдыақын, Байділдаев Сөзбек, Байділдаев Бауыржан, Мақұлбеков Жанболат, Төлегенов Қанат, Қалиев Мұхтар, Нұрмаханов Нұрқанат, Жүмеков Мұхан, Боранбаева Жұмақыз, Әбілова Сымбат, Жақыпбекова Нұрқызы, Сулеева Гүлназ, Керімхан Елмұрат.

Қаратау ауылынан шыққан ғалымдар Байтулин Иса Омарұлы—ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. Биология ғылымдарының докторы, профессор. Мұсаев Кеңесбай Мұсаұлы—Түркі тілі мен қазақ тілі білімінің көрнекті өкілі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Қалжеков Тұрсынбай— медицина ғылымдарының докторы, профессор. Нәлеев Оңалбек Бейсенұлы—техника ғылымдарының докторы, профессор. Ермаханов Әмірбек Нысанбекұлы— мал дәрігері ғылымдарының кандидаты, доцент, профессор.

Жүсіпбеков Сәрсенбек Сейітбекұлы-техника ғылымдарының кандидаты, Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы- филология ғылымдарының кандидаты, Ермаханов Мырзабек Нысанбекұлы-техника ғылымының кандидаты, доцент Ресей Жаратылыстану Академиясының профессоры, Құлманов Қалижан Серікұлы- техника ғылымдарының кандидаты, Садуов Мұхтар Абдуалыұлы- Медицина ғылымдарының кандидаты, Ермаханов Мейрамбек Нысанбекұлы-ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Өнербаева Зүлфия Оралбайқызы- химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Еркінбаев Ұлан Оралұлы-филология ғылымдарының кандидаты, Қуанышбаев Ержан Айтұлы- филология ғылымдарының кандидаты, PhD-доктор, Ермаханова Бақытқұл- Қазақ химия технология университетінде аға оқытушы, зейнеткер ұстаз.

Мемлекеттік наградалармен марапатталған Қаратау ауылының тұрғындары:

Социалистік Еңбек Ері-Тяқбаев Төлепберген, «Ленин» ордені-Шоланбаев Құрмаш, Шериязданов Мұхамеджан, «Даңқ» ордені- Асқарбаев Өзбек, Қалдыбаев Отарбек, «Еңбек Қызыл Ту» ордені-Мырзақерім Есімбек, Жақапов Өтеген, Мыңбаев Дүйсен, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасы-Әлімбетов Ибаділда, Төлегенов Өзбекбай, Бейсеев Пернебек

«Созақ ауданының Құрметті азаматтары»

Асқарбаев Өзбек, Шериязданов Мұхамеджан, Асқарбаев Сайлаубек, Төлепберген Өздімәлік, Естанұлы Елтай, Әлмаханов Әбдіхалық, Омаров Іргебай, Нұрпейісов Нариман, «Құрмет» ордені Төлепберген Өздімәлік.

1984-1997 жылдары Қаратау совхозының Машина - трактор шеберханасында еңбек еткен механизатор, шоферлар: Бас инженер: Садырханов Жауғашты, Машев Әбен, МТМ меңгерушілер: Маханбаев Жұман, Нұрманов Жахан, Байділдаев Ораз, Құлтай Бауыржан. Гараж меңгерушілер: Құрмашев Жеңіс, Төлеуішов Әбдеш, Алдабергенов Нұржігіт. Техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерлер: Сүлейменов Әбілхан, Көпберген Айдархан, Қайымбаев Нұрдәулет. Бөлімше механиктері: Кәдірбеков Аманқұл, Сағындықов Ғабит. Электрикер: Асанбаев Серік, Айтқұлов Нұрғали, Әлімбеков Берік, Сембеков Мейрамбек. Токарь: Досмырзаев Амангелді. Ұста: Әбілаев Амантай. Электрмен дәнекерлеуші: Амалбеков Әділ. Моторист: Жалмұрзаев Жорабек. Сантехник: Керімбаев Мәлібек. Қойма меңгеруші: Архарбеков Жаппас. Механизаторлар: Әбдіхалықов Әбдіманап, Әшенов Сералы, Тұрсынбеков Жанболат, Тайшыбеков Әлтай, Ысқақов Малдыбек, Әбілдаев Кенжебек, Бердрахимов Дәнебек, Кәрібаев Наурызбай, Ондыбаев Сапарғали, Исмаилов Рахымбай, Ештаев Серік, Омаров Жанжұман, Мыңбаев Әсілхан, Тұрымбетов Қуанышбай, Әлімбетов Әлхан, Пошанов Аман, Айтқұлов Жұмағали, Жорабеков Қалман,

Амалбеков Мұрат, Аңқауов Жолдыбай, Қышанбаев Сакен, Мұзафаров Айнабек, Садуахасов Нұрлан, Бакиров Мейрамбек. Тракторшы қыздар: Шүйкебаева Сәуле, Жанасбаева Оразқұл, Айтқұлова Пернекүл. Автомобиль жүргізушілер: Мұхиев Мәулен, Мұхиев Әбді, Көпберген Естау, Шүйкебаев Диханбай, Әуезов Тохтар, Есімов Шайзақ, Әжібаев Сабыр, Төлепберген Бекбау, Мыршов Назар, Бакиров Төленбек, Керімбеков Сенбек, Рахметұллаев Дәрібек, Жұматаев Пернебай, Махашов Диханбек, Әжібаев Бегалы, Еркінбаев Орал, Әбдімәлік Бекжан, Құрманұлы Сейілхан, Дайрабаев Айдар, Бөріқұлақов Айтұған, Тайшыбеков Асқар, Көшербаев Тұрғанбай, Мұхашев Тұрдахын, Байділдаев Кеңесбай, Сенбеков Сейілбек, Төлегенов Қаржаубай, Қамбаров Бегаш, Есжанов Пернебек, Садуахасов Жылқайдар, Қарабеков Құрманбек, Омаров Байжұман, Беркінбаев Сәбет, Мұхашев Төлепберген, Пірімбетов Әділхан, Құдайбергенов Мақкамбай, Садуақасов Балабек, Адырбеков Рысбек, Жексенов Нағашбек, Жұмеков Қазақбай, Көпберген Уалихан, Байділдаев Съезд, Қасымбеков Аманбай, Исмаилов Нұрлыбай, Мұхиев Жәнібек, Байзақов Есалы, Бадабаев Қасымхан, Исабеков Шайықбек, Нұрмашев Манап, Оңлыбаев Қалижан, Бакиров Жаңабек, Әділбаев Бектемір, Боранбаев Сансызбай, Есжанов Қордай. 1980 жылға дейінгі механиктер мен шоферлер: Жұмеков Ақжігіт, Имашев Қошқарбай, Баймаханов Сейсенбек, Абдилов Кемал, Маханов Жолдыбай, Тәжібеков Төлеген, Шайықов Қайып, Әбшенов Жарқынбек, Қуанышбаев Айтұ, Әділбаев Асқар.

«Қаратау» совхозы 1962 жылы жеке шаруашылық болып бөлініп шықты. Совхоз орталығы «Бақырлы» селосының қазығы тау етегіндегі тың жерге қағылды. Ашық жерге орналастырылғандықтан елді мекеннің бас жоспары жасалынып, соған сәйкес көшелер кең, әрі түзу болды, мекемелер де тиісті жерлерден орын тепті. Жаңа құрылыс болған соң, көптеген құрылыс жұмыстары мердігерлік әдіспен жасалынды. Совхоздың алғашқы құрылыс инженері Афонин деген орыс жігіті, ал құрылыс шебері (мастер) Садиев Болат еді. Сол 1962-1969 жылдар аралығында екі көше үкімет салған тұрғын үйлер, емхана, мектеп, 60-балалық интернат, совхоз кеңсесі, автогараж, түрлі қоймалар салынды. Мердігерлік әдіспен темір-бетон қой қоралары, шаруашылық әдіспен мал қашырым пункттері, аздаған малшылар үйі салынды. «Тасбұлақ» бөлімше орталығы болып, 20-шақты тұрғын үй, медпункт, бастауыш мектеп ғимараттары бой көтерді. 1970 жылдан бастап аға прораб Садиев Болат, мастер болып Садуов Әбеш қызмет атқарды.

Бұл жылдары малшылар үйі, мал қоралары көбейтіліп, Ақсүмбедегі клуб, орталықтағы универмаг, қозы сою бекеті, Саржаздағы бастауыш мектеп, спорт алаңы, қырқым пункті, автогараждағы жабық шеберхана, т.б. құрылыстар жүргізілді.

Еңбекпен ерлеген әулет

«Қаратау» совхозының құрылуына ат салысқан азаматтардың бірі-Жүсіпов Молдақасым Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы, Бақырлы ауылында 1928 жылы дүниеге келген, 1945-1947 жылдары Ақсүмбе, Шаға, Қызылбайрақ ауылында мұғалім болып жұмыс атқарған. Қаптанбек зоотехникумы мен жоғарғы коммунистік партия мектебін бітірген. Энгельс совхозы ауылдық советі председателі жұмысын атқарып, 1963 жылы туған ауылында совхоз құрылғанда партия ұйымы хатшысы, ферма меңгерушісі т.б. жұмыстарды атқарып ел игілігі үшін қызмет атқарып зейнеткерлікке шыққан. Жұбайы Қыдырбекова Қантқұл Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылында 1928 жылы 5 қаңтарда дүниеге келген. Сол жерде 1942-1943 жылы 7-ші сыныпты өте жақсы деген бағамен бітірген. Соғыс кезінде оқытушылар жетіспегендіктен жақсы оқыған оқытушыларды екі айлық тездетілген курсқа Қызылордаға жіберген. 1943-1944 жылдары бастауыш класстарға сабақ берген. Ақсүмбе ауылында 1945-1947 жылдары мұғалім болған. Партияның жолдамасымен Қызылбайрақ, Шаға, Күмісті ауылдарында ұстаздық еткен. 1963 жылдан бастап Қаратау совхозындағы Панфилов атындағы орта мектебінде өмірінің соңына дейін бастауыш клас мұғалімі болып қызметін атқарды. Жауапкершілігі жоғары, білімді жан 34 жыл мұғалім



мұғалімі. Баласы Жүсіпов Әлішер дәрігер мамандығының иесі. 1977 жылы жұбайы дүниеден өткеннен кейінгі жұбайы Пернешова Күланда совхозда бухгалтер болып қызмет істеді. Ол кісіден екі бала өмірге келіп, үлкені Жүсіпов Шыңғыс өрт сөндіруші болып қызмет атқарса, кіші ұлы Бақытжан Алматы қаласында бизнесмен. Немересі Жүсіпов Бауыржан ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігінде департамент басшысы қызметін атқаруда.

Жүсіпов Әлішер Молдақасымұлы 1957 жылы 4 маусымда Созақ ауданы Қаратау ауылында дүниеге келген. 1964-1974 жылдары аралығында Созақ ауданы Панфилов атындағы жалпы орта мектебін бітірген. 1974-1980 жылдары Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетінде дәріс алып, емдеу ісі дәрігері дипломын иеленген. 1982-1987 жылдары Шолақорған ауылы аудандық орталық ауруханасында дәрігер-терапевт, терапия бөлімшесінің меңгерушісі, балалар бөлімінің

поликлиника бастығы болып ішкі істер органына қызметке алынады. 2003-2011 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаменті медицина қызметінің бастығы, полиция подполковнигі шенімен отставкаға шыққан. 2012 жылдан осы уақытқа дейін «Қазтрансойл» АҚ Шымкент мұнай құбырлары басқармасында денсаулықты қорғау, гигиена, мен өндірістік санитария маманы қызметін атқаруда. Жанұялы. Жұбайы Ибрагимова Гүлбарам Асанқызы 1974-1981 жылдар аралығында Алматы мемлекеттік медицина институтының емдеу ісі факультетінде дәріс алып, емдеу ісі дәрігері дипломын иеленген. 1982-1987 жылдары Шолақорған ауылы аудандық орталық ауруханасында дәрігер-терапевт, терапия бөлімшесінің меңгерушісі, балалар бөлімінің



болып ауыл адамдарын білімге сусындатқан ардагер оқытушы. Осы ауылдың барлық азаматтары сол кісінің қолынан әріп таңыған. Қазақстан білім беру ісінің үздігі. Жанұялық өмірден бес қыз, бір ұлды тәрбиелеп жоғарғы білімді мамандар тәрбиелеп өсірген. Үлкені Молдақасымова Уазипа анасының жолымен физика пәнінің мұғалімі болса, Молдақасымова Қазына акушерка, Жүсіпова Шолпан Панфилов мектебінің алғашқы алтын белгісінің иегері, КазГудың инженер-химик маманы, жүсіпова Гүлнар фармацевт провизор, Жүсіпов Сауле физика пәнінің

тетінде дәріс алып, емдеу ісі дәрігері дипломын иеленген. 1980-1982 жылдары Шымкент қаласы жедел жәрдем станциясында дәрігер болып қызмет атқарған. 1982-1987 жылдары Шолақорған ауылы аудандық орталық ауруханасында дәрігер-терапевт, терапия бөлімшесінің меңгерушісі болды. 1987-1996 жылдары Орталық аурухананың бас дәрігердің емдеу ісі саласы бойынша орынбасары, 1996-1997 жылдары Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер департаменті госпиталінің бастығы болып қызмет атқарды. 1997-2003 жылдары Шығыс Қазақстан облыстық ІІД госпиталі мен

бас дәрігері болып қызмет атқарды. Шымкент қалалық СПИД орталығында дәрігер бола жүріп зейнет демалысына шықты. Балалары Бауыржан ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігінде департамент басшысы қызметін атқаруда. Ғалымжан «Қазтрансойл» АҚ Шымкент мұнай құбырлары басқармасында еңбекті ұйымдастыру және еңбекақы қызметінің бастығы. Әлекең мен Гүлбарам бес немере тәрбиелеп отырған ардақты ата, аяулы әже.

**Беттерді дайындаған
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Емхана – науқас адам келіп-кетіп емделетін және үйінде сырқаттанып қалған адамдарға медициналық көмек көрсететін, сондай-ақ, аурудың алдын алу шараларын жүргізетін мекеме болып табылады. Емханада рентген, физиотерапия кабинеттері және басқа да арнайы кабинеттер мен лабораториялар болады. Ауырып ем іздеген жан, осы мекеменің қызметкерлеріне, яғни дәрігерлерге жүгінетіні белгілі.

Аудан тұрғындарына медициналық қызмет көрсететін аудандық орталық аурухананың бүгінгі жай-күйімен танысу үшін аталған мекемеге арнайы барған болатынбыз.

Орталық аурухананы бүгінде Бахытжан Мырзалыұлының есімі азамат басқарып отыр. Аудандағы денсаулық саласына басшы болып келгеніне 5 айға ғана жуық уақыт болса да, атқарылып жатқан жұмыстар аз еместігі көрініп тұрды.

Жалпы, алпыс мыңнан астам тұрғыны бар ауданның орталық ауру-

қжрамы 7 бөлімнен тұрады, яғни терапия, хирургия, гинекология, жансақтау, балалар, жұқпалы аурулар, перзентхана және қабылдау бөлімдері.

Ауданның бас дәрігері Бахытжан Мырзалыұлының айтуынша, бүгінгі күні ақсап тұрған мәселелердің бірқатары шешімін тауып, маңызды деген жұмыстар легі толығымен атқарылып жатыр.

-Созақ ауданында тұрғындардың денсаулығын жақсарту күн тәртібінен түскен емес. Есепті кезеңде 1054 туылым тіркелген. Сәбилер шетінеуінің көрсеткіштерінде төмендеу тенденциясы бар. Көрсеткіш 9–6,5 болды. Ал туберкулезбен бірінші рет ауырмашылдық – 20 адам. 100 мың тұрғынға шаққанда 0,02%. Аурухананың жекелеген бөлімдеріне ғана күрделі жөндеу жұмыстарын жасамай, кезек-кезегімен барлық дәрігерлік амбулаторияларға (Әрі қарай ДА) жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұған республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны күтіп отырмай, ақылы қызмет есебінен ау-



Тағы бір тоқтала кететін жайт, осы уақытқа дейін өзекті мәселелер болып келген жылыту жүйесі мен жарық жүйесі шешімін тауып, ендігі жерде бұл жағдайлар бойынша мәселелер туындамайды деген ойдамыз. Себебі, жылу маусымы бойынша ағымдағы жылға жылыту маусымдығына 3560 тонна қатты отын (көмір), 60 тонна сұйық отын (дизель) қоры әзірлену жоспарланып, жаңадан жылыту қазандықтары орнатылып, қосымша резервтік жағдай үшін сұйық отынмен жанатын қазандық та орнатылды. Ал, ғимараттың 1-ші қабатындағы жылу беру секциялары толығымен ауыстырылды. Сонымен бірге, аудандық орталық ауруханаға күштілігі 400 квт дизельдік электр станциясы алынып, арнайы орынға орнатылған. Аталған электр станциясы аурухана ғимаратында жарық сөніп қалған жағдайда, небәрі 5 секундтің ішінде автоматты түрде іске қосылып, аурухана ғимаратын толығымен жарықпен қамтып тұруға қауқарлы.

Орталық ауруханадағы оңды істер

ханасында бүгінде 241 төсектік тәуліктік стационар бар. Оның ішінде терапия-105 төсек, хирургия-24төсек, травматология-10 төсек, жұқпалы аурулар-20 төсек, перзентхана-20 төсек, балалар бөлімі- 51 төсек, гинекология бөлімі-12 төсек, оңалту төсек орын-10 төсек, паллиативтік төсек орын-2 төсек, 109 төсектік күндізгі стационар (Орталық аурухана - 37 төсек орын, Созақ БМСК-10 төсек, Қаратау ДА-9 төсек, Қарақұр ДА-7 төсек, Тасты ДА- 4 төсек, Жуантөбе ДА-9 төсек, Қыземшек ДА-7 төсек, Сызған ДА-5 төсек, Құмкент ДА-4 төсек, Жартытөбе ДА-7 төсек, Таукент ДА-10 төсек) қызмет көрсетеді. Мекемеде 123 дәрігер мамандар бар болса, 2022 жылы жас мамандар жұмысқа орналасты. Атап айтсақ, аудандық емхананың қабылдау бөліміне 1 терапевт дәрігер, 1 кардиолог, 1 невропатолог, Таукент ауылдық ауруханасына 1 дәрігер, Құмкент ауылдық ауруханасына 1 дәрігер, Қаратау ауылдық ауруханасына 1 дәрігер жалпы саны 6 дәрігер маман жұмысқа орналасқан. Ауруханада және оған қарасты емдеу профилактикалық мекемелерінде 643 медицина қызметкерлері жұмыс істейді. Елді мекендерде 10 ауылдық аурухана, 10 дәрігерлік амбулатория, 13 медициналық бекет және 4 фельдшерлік акушерлік бекет орналасқан. Аудандық



дандық орталық аурухана, орталық емхана, Қаратау ДА, Сызған ДА, Жуантөбе ДА, Құмкент ДА, Жартытөбе ДА, жұқпалы аурулар бөліміне қазіргі таңда ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілуде және жылыту қазандықтары ауыстырылды. Созақ БМСК, Тау-

лануда. Сонымен қатар, аудандық орталық ауруханамыздың зертхана бөлімі бірнеше құрал-жабдықтармен толықтырылды. Атап айтқанда, ИФА (иммундық ферменттік анализаторы), биохимиялық және гематологиялық анали-

Сондай-ақ, 2023 жылы аурухана ғимараты күрделі жөндеуден өткен соң, ғимараттың бірінші қабатына КТ бөлімін ашу жоспарлануда. КТ аппаратын алу үшін бүгінде облыстық денсаулық сақтау басқармасына тапсырыс беріліп отыр. Келесі жылы халық денсаулығы үшін пайдасы мол КТ аппаратын іске қосып, аудан тұрғындары игілігін көреді деген сенімдеміз.

Ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейту мақсатында аудан тұрғындарына Жылжымалы медициналық кешен қызмет көрсетуде. Жыл бойына – 26640 тұрғынды медициналық көмекпен қамту жоспарланған. Қамтылғаны-22894, оның ішінде балалар- 4123. Диагностикалық тексеруден өткені- 4236, зертханалық зерттеуден өткені-6533, бейін мамандарының қабылдауында болғаны-12125.

Жалпы, аудан тұрғындарына сапалы қызмет көрсету, ем іздеп келген науқастың үдесінен шығу біздің дәрігерлердің басты қағидасы болуы тиіс деп есептеймін. Себебі, халық денсаулығы, мемлекетіміздің басты құндылығы деуге болады. Бүгінгі таңға атқарылып жатқан жұмыстар легі мұнымен толастамайтыны анық. Алдағы уақытта да жоспарға сәйкес жүйелі түрде жұмыстарды жүргізе береміз, - дейді бас дәрігер Бахытжан



емхананың қуаттылығы тәулігіне 550 науқасқа қызмет көрсете алады. Созақ аудандық орталық ауруханасы ғимараты 2011 жылы пайдалануға берілген. Сол пайдалануға берілген уақыттан бері ешқандай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. 2023 жылдың көктем айында аталған ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі деп жоспарланып, жобалық-сметалық құжаты дайындалды. Ауруханаға қарасты емхана ғимараты 2006 жылы пайдалануға берілген еді. Күрделі жөндеуден 2017 жылы өткізілген. Аурухана

кент ДА, Қыземшек ДА-ға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, 2023 жылға жоспарлануда. Таукент ДА және Қыземшек ДА-да жылыту қазандықтары электрлі жылыту қазандықтарына ауыстырылды. Таукент ДА су құбырларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы аудандық орталық ауруханаға 120 бейне бақылау камералары алынды. Оның 60-ы аурухана және емханаға орнатылды. 60-ы жұқпалы аурулар бөліміне және зертхана бөліміне орнатылады деп жоспар-

зат, автоматты коагулометр. Ауылдық ауруханалар шалғай жатқандықтан, тұрғындар заманауи аппаратуралардың қызметі үшін аудан орталығына ұзақ жол жүріп келіп, әуре-сарсаңға салынбасын деген оймен Созақ БМСК зертхана бөліміне ЖҚА, ЖЗА, Биохимиялық анализ аппараты алынды. Бұл да болса шалғай ауылдардағы азаматтарымызға қолайлы жағдай деп санаймын.

2023 жылға Таукент ДА және Қыземшек ДА ЖҚА, ЖЗА, Биохимиялық анализ аппаратын алу жоспарлануда.

Мырзалыұлы. Ауруханадағы атқарылған және атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, көңіліміз біршама көтеріліп қалды. Себебі, шынымен де жылыту жүйесі, жарық жүйесі деген халық ауызында үнемі айтылып жүретін мәселелердің шешім тапқаны көңіл қуантады. Алдағы уақытта да халық денсаулығы жолындағы жасалып жатқан жұмыстар легі толастамайды деп сенеміз.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Тұмау және жедел респираторлық вирусты жұқпа (ЖРВЖ) жер шарындағы ең кең тараған ауру, әсіресе соңғы жылдарда деңгейі өсуімен сипатталып келеді. Әлсіздік, дене қызуы 39-40 градусқа дейін көтерілуі, дененің дел-сал күйге түсуі алғашқы белгілері. Естен тану, сандырақтау жиі болады. Көбінесе екі күннен кейін мұрынның бітуі, жөтелген кезде тамақтың қырнанып ауруы басталады. Мұндай белгілер-

Тұмаудың профилактикасы мен асқынулардың алдын алу жолдарының сенімді бір тәсілі—ол вакцинация. Қазақстан Республикасында тұмауға қарсы профилактикалық егулер «Профилактикалық егулердің Ұлттық күнтізбесіне» сәйкес ең алдымен қауіпті топқа жататын адамдарға жергілікті бюджет есебінен жүргізіледі. Жыл сайын обдыстық бюджет есебінен бөлінген қаржыға тұмауға қарсы вакцина алынып, облыс

Тұмау және ЖРВЖ-ның алдын алу

дің пайда болуына жеңіл қарауға болмайды. Тұмаудың қауіптілігі: дұрыс емделудің салдарынан иммунитет әлсіреп, ағза көптеген микробтар мен бактериялардың алдында қорғаныссыз болып қалады. Одан кейін қабынып, созылмалы ауруға айналады. Ал жұқпаның қауіптілігі жойылған күнде де, денсаулықтың дұрыс қалыптасуына көптеген уақыт кетеді.

Тұмау- ең көп таралатын вирусты инфекциялы ауру. Бірақ көбішіміз оған жеңіл қараймыз. Егер дене қызуы түспей, тоқтаусыз жетеле берсеңіз, дене ылғалдылығы жасыл-сұр түске айналса, бұл тұмаудың ең қабынған түрі пневмония.

Тұмау жалпы интоксикация (қалтырау, бас ауру, бұлшық ет ауруы) және тыныс алу жолдардың қабынуымен жүретін вирусты жұқпалы ауру. Тұмау эпидемиялық аймақтарда өте жылдам жүреді. Тұмаумен ауырған адамның иммунитеті әлсіреуі мүмкін. Соның салдарынан екіншілік жұқпа қосылады, адам ағзасы тұмаумен дұрыс емделмегеннің әсерінен бактериялардың алдында иммунитеті төмендейді. Тұмаудың кең таралуын және оның асқынуын алдын-алу үшін ең алдымен алғашқы клиникалық көріністер байқалған адамдарды үйде оқшаулау, асқынған түрімен ауыратын науқастарды жедел түрде тексеріп, ауруханаға шақыру керек.

Жұқпаның кең таралуында, эпидемия кезінде көпшілік орындарда бетперделік тәртіпті орнату маңызды.

халқының тәуекел топтары тегін егілуде. Соның ішінде медицина қызметкерлері, 2-ші және 3-ші триместрдегі жүкті әйелдер, созылмалы өкпе, жүрек қан тамырлары, бүйрек, бауыр және иммундық жетіспеушілік ауруларымен ауыратын ересектер мен балалар, әлсіз жиі ауыратын балалар, жабық (балалар үйі, мүгедек балалар интернаттары, қарттар үйі және т.б.) мекемедегілер вакцинациямен қамтылады, өйткені эпидемия болған жағдайда олар бірінші ауырып, басқаларға жұқпа көзі болуы да ықтимал. Тұмауға қарсы вакцина бірінші кезекте тұмау дертінен сақтайды. Дегенмен ол вакцинаның қосымша иммундымодульдық қасиеті бар. Осыған орай, егілген 100 адамның 20-25-де иммундық жүйесі басқа да респираторлы вирустардан қорғауға дайын болады. Сонымен қатар салауатты өмір сүру салтын сақтап, дене шынықтыру, суға шомылу, спортпен шұғылданду, таза ауада демалу сияқты қарапайым қағидалар орындалса, адамның жалпы ауруға иммунитеті көтеріледі. Спиртті ішімдіктер қабылдау, темекі шегу керісінше адам ағзасына кері әсерін тигізеді. Жоғарыда айтылған ішараларды дер кезінде мұқият орындасаңыз ауру сізді айналып өтеді.

Г.ОЗҒАНБАЕВА,
Созақ аудандық СЭББ
эпидемиологиялық
бақылау және қадағалау
бөлімінің бас маманы.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен...

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты жан, қимас бауыр, ағайын-туыс пен дос-жаранның ортасында сыйлы болған **Сауранбаев Мұхтар Әбдешұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді,

Әке, өзіңді сағынып еске алғанда,—деп, асыл әкеміз Мұхтар Әбдешұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 15 қазан күні (14 қазан – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Ш.Бекжанов көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: анасы, ұл-қыздары, жұбайы, бауырлары, сыныптас достары.



Созақ аудандық ардагерлер кеңесі мен қоғамдық кеңес аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі, Созақ ауданының Құрметті азаматы Сақтапбергенқызы Пардабекке әпкесі

Сақтапбергенқызы Гүлзағияның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі мен қоғамдық кеңес еңбек ардагері, зейнеткер Нұрсейітов Айтжанға әпкесі

Нұрсейітқызы Ырымжанның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «КАТКО» БК» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобаның атауы: «2022 жылы енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен Мойынқұм кен орнын (№1 (Оңтүстік) және №2 (Төртқұдық) учаскелер) игеру жобасына» өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобаға ықтимал әсерлер туралы есеп;

2. Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы;

3. Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылы 17 қарашада, сағат 11.00-де, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі бойында 16, әкімдік ғимаратындағы мәжіліс залында өтеді.

4. Жоспарланған жобаның бастамашысы: «КАТКО» БК» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, 060 квартал, 44 ғимарат. БСН: 981040001439, тел/факс: 8(7252) 99 54 99.

5. Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекенжайы: Алматы қ., Бұқар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, электрондық пошта: office@antal.kz.

6. Жобалық құжаттамамен <https://ecorportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.

7. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күннен кешікпей мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: ecorportal.kz; ulugbek.iskakov@areva.com.

Эпидемиологиялық жағдай нашарлаған жағдайда бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өткізілетін болады.

Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us05web.zoom.us/j/83662038078?pwd=U9p3MhZyY0NYRTZweXU2QWlVWXUvQT09>
Конференция идентификаторы: 836 6203 8078;

Код доступа: 7K172R.

Тіркелу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша ұсынылған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Объявление

ТОО СП «КАТКО», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к Проекту «Внесение изменений и дополнений в «Проект разработки месторождения Моинкум (участки №1 (Южный) и №2 (Торткудук)) с изменениями и дополнениями, внесенными в 2022 году»;

2. Территория воздействия: Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район;

3. Общественные слушания состоятся 17 ноября 2022 года в 11.00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, село Шолақорған, ул. Жібек жолы 16, в малом зале заседаний здания Акимата с. Шолақорған.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО СП «КАТКО». Адрес: Республика Казахстан, Туркестанская обл., Сузакский район, Тастинский с.о., с. Тасты, квартал 060, здание 44. БИН – 981040001439, тел/факс: 8(7252) 99 54 99.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г. Алматы, Бұқар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: o.

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/>, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>

7. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ecorportal.kz; ulugbek.iskakov@areva.com.

В случае ухудшения эпидемиологической обстановки данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/83662038078?pwd=U9p3MhZyY0NYRTZweXU2QWlVWXUvQT09>
Идентификатор конференции: 836 6203 8078.

Код доступа: 7K172R.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

ХАБАРЛАМА

Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы негізінде «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-не қарасты орман қоры жерінен, уақытша уран өндіруге «Қаратау» ЖШС-не және «Қазатомпром SaUran» ЖШС-не берілген жер телімінде құрылыс жүргізу қарастырылған. Белгіленген ережеге сай аталған жер учаскелерін пайдалану алдында, ағаштардан жаппай тазалануы қажет болатын. Осыған байланысты, ҚР Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 15.09.2022 жылғы №27-5/218-нқ санды бйрығы негізінде 1974м3 сексеуіл 191 м3 жүзген ағаштарына рұқсат берілді. 04.10.2022 жылдан бастап босатылады.

1м3 отынның құны 1686 теңгені құрайды. «Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-сі бойынша тамызық отынға рұқсат қағаз кесетін қызметкерлердің байланыс нөмірлері:

Әлиев Серік Сұлтанбайұлы-87025388479
Ершаев Қанат Хабирович-87022732427

Қожақов Бақтыбек Қуанышбекұлы-87011418181
Садуов Талғат Сейтмаханович-87712525766

Арынов Елбасы Жүсіпұлы-87784530067
Төребаев Бурабай Жұпарбайұлы-87755422503

Ғаниев Айбек Төлегенұлы- 87761998373
Оралбеков Руслан Бақытович-87770220055
Қазақбаев Мейірман Мейрамбекұлы-87763195900

Отын алу, тасымалдау барысында Орманда өрт қауіпсіздігі ережелерін және басқада орман заң талаптарын қатаң сақтаңыздар.

Әділ АЛТАЕВ,
Орман пайдалану инженері.

ОРМАНДЫ ҚОРҒАУ-әрбір адамның парызы

Орманда өрт шығу себептерін сараптағанда, көбінесе тұрғындардың, орманда демалушы азаматтардың кінәсінен болатыны тұжырымдалған. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрету үшін үгіт-насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелер де жүргізуі тиіс. Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі өте маңызды орынды алады. Әр орман шаруашылығы орманды өрттен қорғау жоспарын жасайды. Жоспарда орманның түрі, ортаның рельефі, су жолының, теміржол, автомобиль жолдарының жақындығы ескеріледі. Орман шаруашылығын түгелдей бөлімшелерге бөледі де схемаға кіргізеді. Схемада көлік жолдары, тұрғын үй пункттері, кардондар, өзен, көлдер, орман шаруашылығының кеңселері, өрт бақылайтын тұрғылар, хабар қабылдайтын пункттер, өрт шығу қауіпі бар объектілер белгіленеді. Өрт қауіпсіздігі құрылымының жоспарында орманды бақылау қызметін ұйымдастыру, өрт сөндіру-бақылау құрғыларын салу, телефон байланысының жүйесін жаңартып тұру, радиобайланыс ұйымдастыру сынды қызметтер белгіленеді.

Дер кезінде, сапалы жүргізілген өрт қауіпсіздігінің шаралары орман сияқты халық байлығын өрттен аман сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Табиғатқа шығып, таза ауада демалушы аудан тұрғындарына айтарымыз, қоршаған ортаны қорғау ережелерін қатаң сақтағандарыңыз абзал. Себебі, табиғат адамзаттың басты байлығы болып табылады!

Мейірман ҚАЗАҚБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2022 жылдың 20 қазан күні сағат 11-00 де <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді.

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық

қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) мың АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Қатысушылар кепілдік жарнаның кез-келген санын енгізу құқықты, бірақ бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап бес банктік күннен кешіктірмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz/> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711100000330; БИК: HSBK KZ KX; КНП: 171; Кбе: 16.

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №290 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Кепілдік жарна бастапқы соманың 5% бірақ 50 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы Қаратау әкімшілік аумағы	Күкірт қышқылы зауыты құрылысы үшін	400 га	жекеменшік	Электрондық түрде	17 600 000	2 640 000

Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастар бөлімі.

Жемқорлық індет-жою міндет

Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы 1 ақпандағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте «Жемқорлық індет, онымен күресу міндет деген қағиданы жұрт санасына орнықтыру барлық мемлекеттік органның ортақ жұмысы. Бұған бір реттік науқан ретінде қарамау керек. Азаматтар арасында ақпараттық түсіндіру жұмысын күшейтіп, жүйелі түрде жүргізу қажет», - деп нақтылап айтты. Біздің басты ұстанымымыз-Әділет пен заң үстемдігін орнату. Елімізде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік артып, жүйелі жұмыстар нәтижесімен жыл сайын коррупция үшін жауапкершілікте күшейіп келеді.

-бірінші басшының тікелей бағынышты тұлғасына қатысты соттың айыптау үкімі күшіне енгеннен соң күнтізбелік 10 күн ішінде немесе ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық іс тоқтатылғаннан кейін отставкаға кетуі міндеттелді.

-Парақорлық үшін бас бостандығынан айыру мерзімі 15 жылға дейін ұзартылды.

-Құқық қорғау органдары мен соттарға қылмыстық жауаптылық қатаңдады.

-Жемқорлыққа қарсы мемлекеттік қызметке өмір бойына тыйым салынады.

-Ауыр жемқорлық қылмыстары үшін түрмеден ерте босату шектелді.

Жемқорлыққа қарсы саясат 3 негізгі кешенді бағыттан тұрады:

Халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу және қылмыстық тергеп-тексеру. Бастапқы 2 бағыт бойынша тиісті жұмыстар өз деңгейінде атқарылмаса, дер кезінде алдын алмаса жемқорлық салдарынан көптеген адамның жарқын келешегіне балта шабылуы әбден мүмкін.

Мұрагер БИХАН,
Қарақұр ауылдық округі әкімі аппараты бас маман заңгері.

Сыбайлас жемқорлық кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң

да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы

Қоғам дертімен қоғам болып күресейік

талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы

жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қоғам болып, ата-ана болып қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу керек. Сондай-ақ сот орындаушыларының кәсіби біліктілігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы курстарда білімдерін көтеруге жағдай жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бүгінгі күннің өзекті талабы.

Гулмира ПАЙЗОВА,
Созақ аудандық Қазынашылық басқармасының бас маманы.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысында да қатты алаңдататыны анық.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді.

Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

Гулмира ОСПАНОВА,
Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің жер учаскелерінің тиімді пайдалану мен қорғалуын бақылау жөніндегі бас маманы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымның, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3800 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев